



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.132-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 1-11

**Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге
қойылатын талаптар туралы Ереже**

Алматы
2021 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.132-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 2-11

ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді
 «25» _____ 11 2021 жыл
 № 4 хаттама

1. Қолданылу саласы

1. Осы Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ - да (бұдан әрі – Академия) іске асырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

2. Ереже Академияда оқу сабақтарын өткізумен байланысты барлық құрылымдық бөлімшелер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер:


3. Ереже келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес сәйкес әзірленген және процедураларды белгілейді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, (04.07.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен енгізілген);

- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

- ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау өткізу туралы Ереже» («Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 28 тамыздағы шешімімен бекітілген, №1 хаттама);

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.132-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 3-11

3. Жалпы ережелер

4. Ашық сабақ кәсіби шеберлікті жетілдіру формасы болып табылады, оқытушы мен кафедраның оқу-әдістемелік жұмысының міндетті құрамдас бөлігі. Ашық сабақтар оқу процесінің сапасын арттыру, сабақ беру тәжірибесін зерделеу және жинақтау, профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық шеберлік деңгейін, қолданылатын технологиялар мен әдістердің тиімділігін бағалау, сондай-ақ жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткізіледі.

5. Ашық сабақ – оқу сабағы (дәріс, семинар, практикалық, зертханалық, жеке) барлық қатысушылар үшін қолжетімді, оқу сабақтарының кестесіне сәйкес өткізіледі. Ашық сабақтарды ұйымдастыру және өткізуді кафедралар жоспарлайды (әрбір оқытушы оқу жылында бір ашық сабақ өткізуге тиіс) және оқытушылардың біліктілігін арттыру формасы болып табылады.

6. Ашық сабақтың тақырыбын және оны өткізу мерзімдерін оқытушы кафедра меңгерушісімен бірлесіп белгілейді, ашық сабақ барысында оқытушы біліктілікті арттыру, тәжірибе алмасу, әдістемелік проблемаларды және оларды шешу жолдарын айқындау мақсатында оқыту идеялары мен әдістерін іске асыру тәсілдерін көрсетеді.

7. Міндетті түрде ашық сабақтарды конкурс бойынша сайлау алдында (шарт бойынша жұмыс мерзімінің аяқталуына байланысты, басқа лауазымға сайлауға байланысты) оқытушылар, тағылымдама мерзімі аяқталғаннан кейін оқытушылар-стажерлар өткізеді.

8. Кафедра меңгерушісі ашық сабақтар өткізу кестесіне қосымша – әдістемелік қолдау көрсету мақсатында, орындалған педагогикалық жұмыстың сапасына ескертулер жасалған ашық сабақтарды өткізу нәтижелері бойынша оқытушылардың бақылау сабақтарын енгізуі мүмкін.

8. Ашық сабақты өткізу мақсаты оның түріне байланысты. Ашық сабақтардың түрлері: көрнекі шеберлік сыныптары және тексеру (сынама), сондай-ақ:

- ашық дәріс сабағы – оның мақсаты жаңа білімдерді зерделеу және алғашқы бекіту;

- ашық практикалық (семинарлық) сабақ – білімдерді қолдану іскерліктерін қалыптастыруға, білім алушылардың орындаушылық дағдылары мен танымдық қабілеттерін, өз бетінше ойлау мен шығармашылық белсенділігін дамыту;

- ашық жеке сабақ - танымдық қабілеттерді, қажетті білімдер мен негізгі дағдыларды дамытуға көмектеседі.

10. Көрнекі ашық сабақтарды оқытудың инновациялық, педагогикалық тәсілдері мен әдістерін көрсету мақсатында тәжірибелі педагогикалық

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.132-2021
	Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	№1 Баспа 25.11.2021ж.
		Бет 4-11

қызметкерлер мен әдіскерлер өткізеді. Көрнекі ашық сабақтың тақырыбын оқу сабақтарын жүргізетін жетекші оқытушы таңдайды. Мазмұндау әдістемесінде заманауи тәсілдерді талап ететін пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ең маңызды тақырыптарға басымдылық берілуі тиіс.

11. Шеберлік сыныбы – кәсіби ортада танылған педагогтың жұмыс тәсілдері мен әдістерін түсіндіріп, тікелей көрсету арқылы педагогикалық тәжірибе алмасу мен таратудың ең тиімді заманауи тәсілдерінің бірі.

12. Тексеру (сынама) сабақтары кафедра меңгерушісінің шешімі бойынша оқытушының сабақ өткізуге педагогикалық және әдістемелік дайындығын анықтау, сондай-ақ жаңа тақырыптар мен мәселелер бойынша сабақтарды ұйымдастыруды және өткізу әдістемесін қарастыру мақсатында өткізіледі. Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдағанда сынама сабақ өткізу ұсынылуы мүмкін. Сынама сабақтың тақырыбы мен оны өткізу мерзімдерін кафедра меңгерушісі оқытушымен бірлесіп белгілейді.

4. Ашық сабақты ұйымдастыру және өткізу

13. Ашық және көрнекі сабақтар (шеберлік сыныптары) оқу процесінің сапасын жетілдіру бойынша мақсатты қызмет нәтижесі болып табылады.

14. Әрбір семестрдің басында кафедра меңгерушісі семестрге арналған ашық, көрнекі (шеберлік сыныптары) сабақтардың кестесін жасайды және кестені факультет деканы бекітеді (1-қосымша).


15. Кафедралар ұсынған ашық сабақтар кестелері негізінде оқу-әдістемелік бөлімі Академия бойынша ашық сабақтардың жиынтық кестесін құрастырады және кестені оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бекітеді (2-қосымша).

16. Ашық сабаққа кафедра және факультет ұжымы шақырылады. Шақырылғандар сабақтың өткізілетіні жөнінде алдын ала хабардар етіледі. Ашық сабақ туралы ақпаратты кафедрадағы ақпараттық стендте, сондай-ақ жоғары оқу орнының kaznai.kz сайтында орналастырған жөн, хабарландыруда тақырыптың атауы және оны ашып көрсетудің негізгі тәсілдері, сонымен қатар оны өткізу мерзімдері мен орны көрсетілген аннотация болады.

17. Ашық сабаққа міндетті түрде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, сондай-ақ сабақтан бос профессор-оқытушылар құрамы қатысуы тиіс.

5. Ашық сабақтың мазмұны

18. Сабақ өткізу жоспары ашық сабақтың дайындық деңгейін көрсететін негізгі құжат. Жоспарда көрсетілуі тиіс:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.132-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 5-11

Ашық сабақ өткізудің үлгі жоспарында келесі бөлімдер болуы тиіс:

- ашық сабақ түрі;
- ашық сабақтың тақырыбы;
- өтетін мерзімі мен орны;
- ашыққа сабаққа қатысушылар (курс, топ);
- жоспар;
- мақсаттары мен міндеттері;
- мазмұны;
- қажетті жабдық;
- күтілетін нәтиже.

Ашық сабақтың тақырыбы мен түрін оқытушы өз бетінше айқындайды.

Көрнекі сабақты (шеберлік сыныбын) өткізудің үлгі жоспары:

- кіріспе бөлімде шеберлік сыныбының жетекшісі қажетті мақсатты нұсқаулар береді, тақырыптың мазмұны оның жалпы және жекеленген құрамдас бөлімдерінде ашып көрсетіледі;

- негізгі көрнекі бөлім;

- комментарий берілетін бөлім, мұнда шеберлік сыныбының жетекшісі өзінің пікірінше жұмыстың аса маңызды және өзіндік сипаты бар элементтерін түсіндіреді;

- сабақты шеберлік сыныбына қатысушылардың талқылауы;

- шеберлік сыныбы жетекшісінің сабақты қорытындылауы.

Барлық шақырылған қатысушылар педагогикалық әдептілік көрсетіп, дәріс берушінің сөзін бөлмеуге және сабақ барысында өз пікірлерін айтпауға тиіс.

6. Ашық және көрнекі сабақтарды (шеберлік сыныптарын) талқылау және талдау

20. Ашық сабақтан кейін оны тікелей талқылау өткізіледі және хаттама жасалады (3-қосымша), хаттамада оң пікірлер, сондай-ақ ескертулер және сабақ беру әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

21. Алғашқы сөз ашық сабақты өткізген оқытушыға беріледі. Ол оқу сабағының мақсаттарын айқын ашып көрсетуге, әдістер мен құралдарды таңдауын, оларды қолдану сапасына негіздеме беруге, сабақты өткізу және іріктелген материалдың мазмұны бойынша сыни қорытындыларды хабарлауға тиіс. Ашық сабақ өткізген оқытушы өз сөзінде сабақтың педагогикалық ойын, өзі қолданған әдістер мен тәсілдердің ерекшеліктерін, өзінің жұмыс жүйесіне негіз болған озық идеяларды түсіндіріп беруі тиіс.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.132-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 6-11

22. Сөз сөйлеушілер сабақтың басымдылықтары (ашық) мен кемшіліктерін (тексеру) егжей-тегжейлі талдауға, сабақты ғылыми-әдістемелік тұрғыда бағалауға, оқыту, тәрбие және дамытудың алға қойылған мақсаттарына қол жеткізуге, қолданылған мультимедиа, көрнекі құралдарды, дидактикалық материалдарды және тағы басқаларды пайдалану тиімділігіне назар аударуға тиіс. Талқылау барысында сабақты ұйымдастыру мен оның мазмұнында жіберілген кемшіліктерді, қателерді атап көрсетуге, сабақты жетілдіру бойынша ұсынымдар беруге болады.

23. Кафедра меңгерушісі қорытынды сөз сөйлейді. Ол талқылауды қорытындылайды, сабаққа қатысушылардың тарапынан айтылмай қалған мәселелерді атап көрсетеді, оқытушының ғылыми-әдістемелік дайындық деңгейіне, сабақта қолданған тәсілдері мен әдістеріне баға береді, ашық оқу сабағының алға қойған мақсатын терең ашып көрсетілуін атап өтеді. Қатысушылар сөз сөйлегеннен кейін ашық сабақ өткізген оқытушыға тағы да сөз беріледі. Ол қандай ескертулерді қабылдайтынын, егер келіспесе неге келіспейтінін атап көрсетіп, өз көзқарасын негіздейді.

7. Көрнекі сабақтың (шеберлік сыныбының) нәтижелерін білім беру процесіне енгізу

24. Көрнекі сабақ (шеберлік сыныбы) барысында көрсетілетін әдістемелік әзірleme, сондай-ақ қорытындылар мен ұсыныстардың талдамасы оқытушылық қызметтің озық тәжірибесіне айналуы тиіс жатады.

25. Ашық және көрнекі сабақтардың (шеберлік сыныптарының) нәтижелері факультеттің әдістемелік семинарлар аясында талқыланады. Семинарға қатысушылар оларды пайдалану бойынша нақты ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді.

26. Академияда ашық сабақтар өткізу нәтижелері Оқу-әдістемелік кеңес отырысында талқылануы мүмкін.

27. Ашық сабақтардың нәтижелері бойынша оқу процесіне инновациялық технологияларды құру және енгізу акті жасалады (4-қосымша).

28. Үздік көрнекі сабақтардың (шеберлік сыныптардың) бағдарламалары Академияның сайтында жарияланады.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.132-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 7-11

1-қосымша

**«БЕКІТЕМІН»
Факультет деканы**

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (колы)

« ____ » _____ 20__ ж.

_____ кафедрасының
профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтар өткізу
КЕСТЕСІ

Пән	Сабақтың түрі	Курс, мамандық	Т.А.Ә.	Сабақты өткізу мерзімі		Аудитория
				күні	уақыты	

Кафедра меңгерушісі

_____ (колы)

_____ Т.А.Ә.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

П 017-1.132-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Бет 8-11

2-қосымша

«БЕКІТЕМІН»

Проректор

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (қолы)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

**Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтар өткізуі бойынша
ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ
_____ семестр 20 ____ -20 ____ оқу жылы**

Факультет	Кафедра	Пән, сабақтың тақырыбы	Сабақтың түрі	Сабақты өткізу мерзімі (ай)	Курс, мамандық	Оқытушының Т.А.Ә

**Оқу- әдістемелік
бөлімінің басшысы**

_____ (қолы)

_____ Т.А.Ә.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

П 017-1.132-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Бет 9-11

3-қосымша

Ашық сабақ қатысу

ХАТТАМАСЫ № _____

Алматы қ.

«__» _____ 20__ ж.

Пәннің атауы _____

Оқытушының Т.А.Ә _____

Факультет _____

Кафедра _____

Уақыты _____ Аудитория _____

Сабақтың тақырыбы _____

Қатысқандар:

1. _____
Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі

2. _____
Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі

Тыңдалды:

1. _____

2. _____

Сөз сөйлегендер:

1. _____

2. _____

3. _____

Қорытынды:

1. _____

2. _____

Шешім:

1. _____

2. _____

Қатысқандар:

_____ Т.А.Ә.

_____ ҚОЛЫ

_____ Т.А.Ә.

_____ ҚОЛЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.132-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 10-11

4-қосымша

*Ашық сабақтардың нәтижелері бойынша
оқу процесіне инновациялық технологияларды
құру және енгізу актісінің формасы*

«БЕКІТЕМІН»

Оқу және ОӘЖ жөніндегі проректор

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (қолы)

« ____ » _____ 20 __ ж.

АКТ

Осы актімен

_____ кафедрасының оқытушылары орындаған
Оқытушының Т.А.Ә.

_____ пән атауы

_____ пәнінің дәріс сабақтарына

_____ пәнінің практикалық сабақтарына


_____ пәнінің сабақтарына








_____ білім беру бағдарламасының білім алушылары *білім беру*
бағдарламасының шифрімен атауы

үшін оқу процесіне енгізілгені расталады.

Кафедра меңгерушісі _____ қолы _____ Т.А.Ә.

Оқу -әдістемелік
бөлімінің басшысы _____ қолы _____ Т.А.Ә.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.132-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Ашық сабақтардың мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 11-11

Әзірленді:		
Оқу-әдістемелік қызметі басшысы		Есенбекова Г.Ж.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сеитбекова Г.Д.
Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметі басшысы		Турдалиева Б.К.
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы		Кульшанова А.А.
Әдістемелік бөлім басшысы		Бакеева М.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.